

ҚҰҚЫҚ

БАС ПРОКУРАТУРА:

АЗАПТАУ ДЕРЕКТЕРІ ТЕРГЕЛІП ЖАТЫР



Уақытша ұстау изоляторларынан негізсіз тұтқындалған 96 адам босатылды. 92 адамға қатысты бұлтартпау шарасы өзгертілді. Алматы қаласының прокуратурасы ешқандай қылмысқа, арандатуға қатысы жоқ заңсыз қамауда қалған 24 адамды босатты.

Ерлік КЕНЕНБАЕВ,
Бас прокурордың орынбасары:

«Заңсыз іс-әрекеттер, оның ішінде азаптаулар тергеудің бастапқы кезеңінде болады. Адамдарды оқиға орнынан полицияға апарған соң олар тергеушімен немесе жедел уәкілмен оңаша қалады. Жедел қызметкерлер ұсталғандармен «жүрекжарды әңгіме» жүргізу үшін процессуалдық сипаттан тыс қарым-қатынастарға жол береді. Ұсталғандардың көбі өз құқығын білмейді, қорғаушы талап етпейді. Полиция бұл жайтты көп жағдайда өздеріне пайдаланады. Себебі ұсталған адамдармен жұмыс жүргізудің нақты реттелген тәртібі жоқ. Қаңтардағы оқиғалар бұған айқын дәлел.

Ұсталған адамдарға қатысты құзыретті асырып пайдалану, өлім, азаптау фактілері бойынша істер тергеліп жатыр. Бұл сипаттағы 133 қылмыстық іс тергелуде. Барлық істердің объективті өтуі үшін процессуалдық прокурорлар белгіленді. Ұсталған тұлғаларға медициналық көмек қамтамасыз етілді. Қазіргі таңда қамауда отырған және ұсталған 27 адамға қажетті медициналық көмек көрсетілді».

БІЗДІҢ СҰХБАТ

Өткен аптаның сенбі-жексенбесінде Мәжіліс депутаттары өңірлерге шықты. Қаңтар оқиғасынан кейін айып арқалап, абақтыға қамалғандардың туыстарымен кездесіп, тергеу абақтысына ат басын бұрды.

«Ақжол» партиясының депутаттары Алматыға келіп, тергеу абақтысында жатқан азаматтардың ата-анасының арызын тыңдады. Қамалғандардың өзімен де тілдесіп, қал-жағдайын біліп қайтты.

Мәжілістің кеңейтілген отырысында ақжолдықтар осы мәселені көтеріп, Үкіметке сауал жолдады.

Мәжіліс депутаты, заңнама және сот-құқықтық реформа комитетінің мүшесі Берік Дүйсенбиновпен сұхбатымыз да қаңтар қасіретіне қатысты өрбіді.

Берік ДҮЙСЕНБИНОВ,
Мәжіліс депутаты:

ШЫНДЫҚҚА ТУРА ҚАРАУЫМЫЗ КЕРЕК



Jas qazaq: Берік Сәлімжанұлы, жуырда Алматыға арнайы іссапармен келіп қайттыңыз. Бұл жолғы келісінізді кеңірек айтып берсеңіз деп хабарласып отырмыз.

Берік Дүйсенбинов: Қаңтар қасіреті қазақ мемлекетінің тарихындағы үлкен жара, ақтандақ болып қалатыны ақиқат. Біз көп нәрседен сабақ алуымыз керек. Қазіргі міндетіміз — осы қаңтар қасіретін жауырды жаба тоқымдап, жарамызды жасыруды доғару керек. Ақиқатқа, шындыққа тура қарап, әділдіктен айнымайтын сөз туды. Сын сөтіндеміз біз. Осыдан 35 жыл бұрын болған Желтоқсан оқиғасы әлі де санамызда жаңғырып тұр. Қаңтар қасіретінің салған жарасын, ауыртпалығын біз шындықтан айнымай тура қарау арқылы емдеуіміз керек. Ең алдымен, өзімізді-өзіміз алдау, көзбояушылықтан арылып, нақты кадам жасау арқылы қаңтар оқиғасының ақиқатын ашу біздің алдымыздағы үлкен міндет.

Алматыға келгендегі көздегеніміз елдің ішінде болып, қаңтар қырғынынан кейін қамауға алынған азаматтардың қорғаушылары, ата-анасы, туыстарының жанайқайын тындап, абақтыға түскендермен тілесіп қайту еді. Құқық қорғау ұйымдары, заңгерлер, қоғамдық ұйымдар, қоғам белсенділері бас болып, қамалғандардың мәселесін көтеріп жатқанда солардың арасында болайық деген мақсатпен келдік. Зардап шегушілер, қамалғандар, олардың туыстарымен жүздесіп, арыздарын тындап қайттық. Көгілдір экраннан айтылғанды тындау бір басқа, өз көзіңмен көріп, көкейіңе тоқу мүлде бөлек.

Белгілі журналист, продюсер, бүгінде әлеуметтік желіде өте белсенді Серік Аббас-Шах бауырымызға сауын айтып ескертіп, тіпті өзінің телефонымды да жазып, кездесуге келушілер құлағдар болса деп өтініш айттым. Арыз айтушылар, қамалған жақынына араша түсушілердің қатары көп болды. Бірінші күні халықпен жүздесіп, арыз-шағымын тындап, мәселенің мәніне тереңдей үніліп, байыбына бардық. Ертеңіне тергеу абақтысында (СИ 18) болып қамалғандармен сөйлесіп, жағдайын сұрап шықтық.

(Жалғасы 3-бетте)

АЛАМАН

ҚЫСҚЫ ОЛИМПИАДА: ҚАУҚАРЫМЫЗ ҚАНДАЙ?

Осы күнде халқының саны жағынан, экономикалық әлеуеті бойынша дүниежүзінде үстем тұрған Қытай мемлекетінде қысқы Олимпиада ойындары өтіп жатыр. Бейжің қаласында 5 ақпанда алауы тұтанған қысқы аламан 20 ақпанда аяқталады. Әзірге біздің елден барған 34 спортшының додаға қосылғандары жүлде алуы былай тұрсын, бестікке де ене алған жоқ.

Қысқы Олимпиада ойындарына аттанар алдында бас қалада дайындық барысына қатысты кеңейтілген отырыс өткен еді. Мәдениет және спорт министрі Дәурен Абаев осы жиында дайындықтың қай деңгейде жүргені, спортшылардың бабы мен күйі жайында айтты. Министр Д.Абаев: «Еліміз үшін осындай қысылтаян шақта біз спортшыларымызға алдағы ақ Олимпиадада допингсіз, дау-жанжалсыз лайықты дәрежеде өнер көрсету міндетін қойып отырмыз. Әрине, әр спортшы жеңіске жету жолында бар күш-жігері мен шеберлігін көрсететіні анық. Біз спортшыларымыздың кез келген жетістігіне қуанамыз. Бұл үшін мемлекет қолынан келгеннің бәрін жасады:



спортшыларды даярлау, сапалы жаттығу процесі, жиындар мен біліктілік жарыстарына қатысу қаржыландырылды», — деген-ді. Шынында да солай.

(Жалғасы 5-бетте)

BEIJING 2022



Бейжің Олимпиадасында латвиялық мәнерлеп сырғанаушы Денис Васильев Абайдың «Айттым сәлем, Қаламқас» әнінің сүйемелдеуімен өнер көрсетті.



БИРЖАМЕТР

МУНАЙ (brent)
92,11

DOLLAR
425,93

EURO
486,2

РУБЛЬ
5,7



БИЛІК

Елімізде 1 миллионға жуық адамның табысы ең төменгі күнкөріс деңгейіне де жетпейді. Бұл – соңғы 10 жылдағы ең нашар көрсеткіш. Осы аптадағы Үкіметтің кеңейтілген мәжілісінде Президент Қасым-Жомарт Тоқаев шұғыл түрде атқарылуы тиіс міндеттерді атап көрсетті.

Халықтың табысын арттыру, теңсіздікті азайту. Жұрттың табысы экономикалық өсімнің емес, әлеуметтік трансферттің есебінен көбейіп жатыр. Жәрдемақы және зейнетақымен ғана күн көріп отырғандар аз емес. Соңғы 5 жылда халықтың жалпы табысындағы еңбек кірісінің үлесі 80 пайыздан 67 пайызға дейін қысқарды. Ал әлеуметтік трансферттер 17-ден 29 пайызға дейін ұлғайды. Бұдан азаматтардың кірісі алатын жалақысына емес, бюджет шығысына тәуелді екенін байқауға болады. Енбекақы да баяу өсуде. Бірақ орташа жалақы мен жан басына шаққандағы табыс көлемі ұдайы өсіп келеді деген көпірме есеп берілуде. Бұл — нағыз көзбояушылық. Қазір

Қажет болса, бұл жұмысқа құқық қорғау органдары атсалыссын. Манғыстау облысындағы ахуал. Осы өңірді дамытуға арналған кешенді жоспар қабылданып, қомақты қаржы бөлу көзделген. Қаражат бірінші кезектегі міндеттерді шешуге жұмсалуы тиіс. Қабылданған шараларға карамастан, еңбек ұжымдарының наразылығы күшейіп келеді. Кәсіподақ жетекшілерімен, сондай-ақ жұмысшылары шеруге шығып жатқан компания иелерімен сындарлы диалог орнату қажет. Бәрін әкімдікке жүктеп қоюға болмайды. Наразылық білдірген азаматтардың түйткілдерін шешу үшін Үкімет пен «Самұрық-Қазына» қоры тығыз жұмыс істеуі тиіс.

инновациялар және аэроғарыш өнеркәсібі министрлігі субсидия алатындар мен жылжымайтын мүлікте жалға берушілер тіркелетін арнайы цифрлық платформаны әзірлеуі тиіс. Жұрт әкімдіктер немесе құрылыс компаниялары айтқан жерден емес, өздері қалаған жерден тұрғын үй тандай алады. Әлеуметтік жағдайы нашар топтар үшін жалға алу шығынының 50 пайызы мөлшеріндегі субсидия мемлекеттен төленеді. Тұрғындар отбасылық бюджеттің артылған ақшасын азық-түлік, білім алу, медицина және тағы басқа қажеттіліктеріне жұмсай алады. Осы жүйе бойынша өтінімдерді қабылдау мерзімін былғыз 1 мамырдан кешіктірілмесін.



БАҒЫТ-БАҒДАР БЕЛГІЛЕНДІ

халықтың табысын арттыруға арналған бағдарлама әзірленіп жатыр. Бұл құжатта тұрғындардың кірісін көбейтумен қатар, орынсыз шығынды азайтатын тың шаралар қарастырылады.

Инвестор тарту. Соңғы үш жылда еркін экономикалық аймақтарда өндірілген тауар көлемі жалпы ішкі өнімнің 1,5 пайызынан аспайды. Ал экспорттың үлесі жалпы ішкі өнімнің 0,1 пайызын ғана құрайды. Осы мәселені реттейтін кез келді. Үкімет бір айдың ішінде заңға өзгеріс енгізіп, іштен және сырттан инвестор тартуы тиіс.

Инфляцияны ауыздықтау. Сауда-саттықтағы тиімсіз делдалдыққа тоқтау салатын кез келді. Мысалы, 3 миллион адам тұратын Алматы қаласы мен оның төңірегіндегі елді мекен тұрғындары тұтыну тауарларын көбіне «Алтын орда» базарынан алады. Бұл жер пайдакүнемдер үшін нағыз майшелекке айналған. Бұған Алматыдағы қантар оқиғасы кезінде анық көз жеткіздік. Бұл — басқа өңірлерге де қатысты мәселе.

Кеден бекеттеріндегі қордаланған түйткілдер. Қытай статистикасы мен біздегі көрсеткіштің айырмасы — 5,7 млрд доллар. Қазір Қытаймен арадағы кеден бекетінде 12 мыңнан астам көлік электронды кезекте тұр. Құзырлы экономикалық оператор кеденнен және басқа да бақылау органдарынан соншама жеңілдікті қалай алып отыр? Не себепті бұл мәселе назардан тыс қалған? Бұл сұрақтарға 10 күннің ішінде нақты әрі толық жауап берілсін.

Утилизациялық алым. Утилизациялық алым қайта қаралады. Бірақ шектен шықпаған жөн. Автоөнеркәсіпті дамытуға жұмсалған ақшаны желге шашудың, ескі автокөліктерді сырттан әкеліп, қалдықтан нарық ашудың қажеті жоқ. Утилизациялық немесе тіркеу алымы түпкі мақсат емес. Бастысы — тұтынушылар үшін автокөліктер мен ауыл шаруашылығы техникасының қолжетімділігін қамтамасыз ету.

Жылжымайтын мүлікті жалға беру. «Отбасы банк» пен Цифрлық даму,

Агроөнеркәсіп кешенін дамыту. Субсидия түпкі иесіне жетпей, орта жолда талан-таражға түсуде. Тіпті ауыл шаруашылығына еш қатысы жоқ салалар да оның қызығын көрді. Соңғы жылдары Сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл агенттігі 960 қылмыстық іс тергеді. Соның 54 пайызы субсидияны жымқыруға қатысты болған. Аграрлық саланы ретке келтіру, тиімділігін арттыруға бағытталған субсидиялаудың жаңа жүйесін құру қажет.

Энергетика кешенін дамыту. Еліміздің энергетикалық қауіпсіздігі мәселесін АЭС салу арқылы тез арада шешу қажет.


Мемлекет басшысы шетелге заңсыз шығарылған қаражаттарды және онда сатып алынған активтерді елімізге қайтару жолдары жөнінде ұсыныс әзірлеуге Үкіметке 2 ай уақыт берді. Сондай-ақ шағын бизнесті «Атамекен» ҰКП-ның мүшелік жарнасынан босатуды тапсырды.

Талап ТІЛЕГЕН

Аптаның алаңы

Елнұр БЕЙСЕНБАЕВ,
Мәжіліс депутаты:

«Жастар арасында адал еңбектің лайықты бағаланбауы, олардың ортасында қылмыстық топтармен байланысы бар азаматтардың көлеңкелі лидерге айналуына әкеліп соқтырды. Мұндай



топтар әлеуметтік желілер арқылы өздерінің патша өмірлерін көрсетіп, талай жастарымыздың санасын бұзып келеді. Тіпті кейбірі соларға қарап бой түзейтін болды. Сондықтан жастар арасындағы жұмыссыздықты азайтуға ерекше назар аудару керек. Әсіресе, NEET санатындағы жастардың көбі кездейсоқ табыстың арқасында өмір сүреді. Осы ретте, 700 мың жұмыс орнын ашу іс жүзінде орындалуы керек. Екіншіден, жастарға арналған бағдарламалар олардың тек 3 пайызын қамтиды. Бұл құжаттардың түпкілікті нәтижесі бюджет қаражатын игеруге көбірек бағытталғаны анықталуда. Жастардың көбі сол шаралар туралы білмейді».

Диас НҰРАҚЫН

P.S. *Жануарларды қорғау өткен ғасырда басталған. Мәселен, 1957 жылы 3 қарашада Лайка деген ит ғарышқа ұшырылды. Аспан әлеміне барған ол мақұлықтың өлімін әлем боп аза тұтқан. Тіпті Лайканың өлімінен кейін БҰҰ-ға Миссисипиден бір топ әйел хат жолдайды. Олар КСРО-ның жануарларға деген қатысездігін қатты сынға алып, басышылығын жсауапқа тартуды сұраған.*

Инфографика



ТҰТЫНУ НЕСИЕСІ (теңге)

	Т	Т
АЛМАТЫ	375,7 МЛРД	1,9 ТРЛН
НҰР-СҰЛТАН	68,6 МЛРД	544,6 МЛРД
ШЫМКЕНТ	72,3 МЛРД	487,1 МЛРД
ҚАРАҒАНДЫ ОБЛЫСЫ	73,1 МЛРД	397,4 МЛРД
ШҚО	66 МЛРД	306,4 МЛРД
АЛМАТЫ ОБЛЫСЫ	45 МЛРД	290,9 МЛРД
МАҢҒЫСТАУ ОБЛЫСЫ	47,6 МЛРД	259,3 МЛРД

Дереккөзі: Ұлттық банк

Аптаның сауалы

ӨРТ СӨНДІРУШІ ҚАНША АЛАДЫ?

Сәуле ШАКАЛОВА,
Алматы қаласы төтенше жағдайлар департаменті кадр саясаты басқармасының басшысы:



«Өрт сөндірушінің еңбекақысы оның азаматтық қорғау органдарындағы қызмет өтіліне, сыныптық біліктілігіне және шеніне байланысты есептеледі.

Мәселен, қазіргі таңда сержант бір жылға дейін орташа мөлшерде 115 мың теңге жалақы алады. Ал азаматтық қорғау органдарында 20 жылдан астам еңбек өтілі бар, сондай-ақ «бірінші санатты тәлімгер маман» біліктілігі бар өрт сөндіруші 185 мың теңге көлемінде жалақы алады».

(Басы 1-бетте)

Жас qazaq: Қалай екен жағдайы?

Берік Дүйсенбинов: Денсаулық жағдайы дұрыс. Өкініштісі, қамауда жатқандардың 90 пайызы өзіміздің өрімдей қаракөз жастарымыз. Сосын төрт құбыласы түгел, аузынан ақ май аққандардың қатарынан емес. Қалаға жұмыс іздеп келіп күзетте, құрылыста, такси жүргізуші болып нәпақа тауып, ата-анасын асыраушылар. Қамалғандардың арасында балалар үйінде тәрбиеленген жастар да бар.

Жас qazaq: Халықтың атынан мандат алып депутат атанған соң келіп кеткенді көз ету жарамас. Олардың құқығын қорғап, нақақтан күйіп кетпеуіне араша түсу азаматтық парыз қазір кім-кімге де.



Берік ДҮЙСЕНБИНОВ,
Мәжіліс депутаты:

ШЫНДЫҚҚА ТУРА ҚАРАУЫМЫЗ КЕРЕК

Берік Дүйсенбинов: Мәжіліс депутатымыз деп қамалғандардың барлығын бостандыққа шығарсын деп айтуға біздің құқығымыз да жоқ, құзіретіміз де жүрмейді. Ал жаңағы сіз айтқандай, нақақтан күйіп, болмағанды болды деп ауыр жаза аркалап кетпесе екен деп араша түсу — біздің міндетіміз. Соны мұрат тұтып келіп отырмыз.

Мына жайттың басын ашып алған жөн. Қантар қасіретінің алғышарты мен табиғатына тереңірек үніліп, бейжай қарамау керек. Менің жеке пікірім, қамалған жастардың басым көпшілігі бұрын сотты болмаған, көнігі қылмыскердің санатына қосуға болмайды. Рас, аласапыран кезінде дүрмекке ілесіп алаңға барды, көптен қалмай айғайлады дейік. Бірақ солардың бәрін бас

зат алғандары, жерден телефон тауып алып құрыққа түскендері де бар. Ғаламторда желдей ескен бейнелерді қарасаңыз, дүкен ғимаратына өзінің ескі жаздық аяқ киімін тастап, орнына қыстық етік киіп кеткендері де бар. Әлеуметтік жағдайы оңып тұрса, қыс мезгілінде жаздық аяқ киім кие ме? Олар бөтеннің мүлкін жымқырғанын мойындап та отыр. Ауылдың аңғал жастары, досына ерген, жолдастарымен бірге жеткен. Сөйтіп тонау, ұрлау кезінде бірлі-екілі затты қолына қыса кеткен. Таяқтың екі ұшы бар дейміз. Өзіңіз де көрдіңіз бейнежазбадан, Алматыдағы Aport Moll орталығындағы «Магnum» дүкенін тонаушы халықты. Егер бөтеннің затын қолды етті деп қамайтын болса, сол нөпір адам да жауапкершілікке тартылуы керек қой.

Жас qazaq: Қамалғандардың мәселесіне қатысты қандай да бір депутаттық сауал жолдайсыздар ма?

Берік Дүйсенбинов: Ішкі істер министріне, Бас прокуратураға, Жоғарғы сот төрағасына хат жазып, «Ақ жол» партиясы депутаттарының атынан хат жолдап, ресми сауал қойдық.

Кару асынған, арматура, таяқ көтеріп ғимаратты қиратып, көліктерді өртеп, күштік құрылым өкілдеріне шабуыл жасағандарға

Берік Дүйсенбинов: Жалпы құқық қорғау органдары, тергеу жүргізетіндер қантар қасіретін жіті бақылап, тереңдей бойлауы керек. Асығыстық танытуға, асыра сілтеуге әсте болмайды. Қамалғандардың ата-анасымен сөйлескенде, басым көпшілігі үйінің бас көтерері, асыраушысы осы жалғыз ұлы екенін айтып отыр. Қарапайым қисынға салсаңыз да, нөпір ішінде жүргені үшін ғана ұсталғандар, қосақ арасында кеткендердің бәріне бірдей ауыр айып тағып, абақтыға айдай берген дұрыс па?

Қазақта «Арқада қыс жайлы болса, арқар ауып несі бар» дейді. Отыз жылдың ішінде өзіміз өмір сүріп келген орта осыған жеткізді. Мәселенің осы жағына да мән беру керек. Әлеуметтік, тұрмыстық ахуалымыз тым жақсы болса, жастар жұмыссыздықпен басын ауыртпаса, осыған әкеліп соғар ма еді. Біз енді қандай ашы жаранын бетін осып жіберіп, түз сепкендей әсер етсе де, шындыққа тура қарауымыз керек.

Біз құқық қорғау органдарынан мына мәселені де қалап айтып, мән беруін сұрап отырмыз. Бізге арыз-шағымын айтып келген ата-анасының айтуы бойынша, қолына қару ұстап жүргені үшін қамалған, арматурамен сауда үйін бұзып кірген, одан қалды, ұсақ-түйек заттарды алып ұсталғандар бар. Оларды тек осы істеген қылмысына қатысты баппен айыптауы керек. Басқа да бапты мойнына іле беру дұрыс емес. Тағы да айтамын, қантар қасіреті кезінде негізгі ұйымдастырушылар мен

сөзім жоқ. Олар заң шеңберінде өзінің тиісті жазасын арқалауы керек. Ал енді қосақ арасында кеткен, «біреу қыз алып қашқанда» дүрмекке ергендер де қамауда отыр. Оларға да ауыр жаза тағайындап, соттап жіберсе, халықтың ашуына ши жүгіртіп алуы мүмкін.

Жас qazaq: Ұсталғандардың тергеу кезінде азапталғаны туралы айтылып та, жазылып та жатыр.

Берік Дүйсенбинов: Жалпы қантар қасіретінен кейін қамалғандар жаппай тәртіпсіздік, рұқсат етілмеген митингке қатысу, тонау, ұрлық секілді бап бойынша айыпталып отыр. Соккыға жығылғаны рас. Бірақ ондайға көбіне-көп ұсталған соң бірінші күні тап болған. Полиция өкілдері қактығыс

арандатушылар сытылып кетіп, әлі де ұстатпай жүр. Ауыр айып соларға тағылуы керек емес пе? Дүкеннен зат алып ұсталғандарға айыппұл салып, ұрлаған затының өтемақысын төлеткізу керек. Ал енді ауыр жазаға тарту арға да сын болатын шығар. Зандылық сақталғаны дұрыс.

Жас qazaq: Қамаудағылардың құқығы тапталып жатқан жоқ па? Қорғаушыларынан көмек бар ма екен?

Берік Дүйсенбинов: Әрине, өздері жалдаса да болады, болмаса мемлекет тарапынан да адвокат беріледі. Адвокаттардың, құқық қорғаушылардың ісі деп бір-бірімізге сілтемей, бәріміз бірігіп, қимылдауымыз керек. «Сендер бұрын қайда болдыңдар? Неге басында көмек көрсетпедің?»



Фото: egemen.kz

салып қандықол қылмыскер атандырып, ауыр жазамен соттай беру ең әуелі егемен ел есебіндегі беделімізге қара дақ болары шындық. Жастар арандатушы ортаның, ұйымдасқан қылмыстық топтың жетегіне ілесіп кетті деп санаймын. Қамаудағылармен тілдескенде олардың көпшілігі жаңағыдай жауап берді. Дүрмекке ілесіп кетіп, оқ тиіп жараланған, қактығыс кезінде ауыр жарақаттанған. «Айран ішкен құтылып, қазан жалаған тұтыладының» кері болып тұр мұнда. Ұйымдастырушы топтың кейбір көсемдері бас сауғалап қашып кетіп, осындай жастар оттың ортасында қалып отыр. Шындықтан айнымау керек дедік қой, қамалғандардың ішінде дүкен, сауда үйінен бірді-екілі

кезінде оңбай таяқ жеді, мүмкін соның кегі болар. Ал СИ18 деп аталып кеткен тергеу абақтысына түскеннен кейінгі жағдайлары тәуір деп айта аламын. Түрмеде оларды азаптап, қинап жатыр деуге келмейді. Оқ тиіп жарақаттанған, соккы алғандарға дәрігерлер медициналық көмегін көрсетіп жатыр. Тіпті осы тергеу абақтысына келіп жан сақтап, азаптаудан құтылғандарын айтып, тәубе деп отыр. Билікті мақтайын, басқаға жағынайын дегенім емес, не көрдім, соны айтайын. Абақтыға түскендерге медицина қызметкерлері қолдау, көмек көрсетуде ештенеден аянып қалып жатқан жоқ.

Жас qazaq: Сіздіңше, енді олардың бәріне бірдей ауыр жаза қолданған дұрыс емес пе?

деп шыққандар да бар. Қазір құр айқай, көбік сөздің түк те пайдасы жоқ. Қамалған жандардың тағдыры қыл үстінде тұр. Осыны ұмытпайық.

Тергеу орындарының, құқық қорғау органында істейтін мамандардың дәреже-денгейі сыналатын шақ қазір. Ақ пен қараны айыруда асқан әбжілдік, әділетті көзбен қарау керек. «Жаптым — жала, жақтым — күйе» деп маңдайына таңба басып, түрмеге бәрін тоғыта берудің арты жақсылыққа әкеп сокпайды. Момын мен содырды айыру үлкен жұмыс қазір.

Жас qazaq: Сұрағымызға жауап бергеніңізге рахмет.

Сұхбаттасқан
Қуаныш КӨШЕК



ҚОШ, ҚАЗАҚ ӘДЕБИЕТІНІҢ АЛЫБЫ!

5 ақпанда 98 жасқа қараған шағында классик жазушы, Қазақстанның Енбек Ері, КСРО және Қазақстан мемлекеттік сыйлықтарының лауреаты, Қазақстанның халық жазушысы Әбдіжәміл Нұрпейісов дүниеден озды.

Әбдіжәміл Нұрпейісов 1924 жылы 22 қазанда Қызылорда облысы Арал ауданының Құланды ауылдық кеңесіне қарасты Үшкөң деген жерде туған.

1942—1945 жылдары Ұлы Отан соғысына қатысқан. 1956 жылы Мәскеудегі Горький атындағы әдебиет институтын бітірді. 1962—1964 жылдары «Жұлдыз» журналының бас редакторы болды.

1992 жылдан халықаралық Қазақ ПЕН клубының президенті, 2000 жылдан «Тан-Шолпан» журналы редакторлар кеңесінің төрағасы болған.

Әдебиетке 1947 жылдан араласа бастады. Тұңғыш шығармасы — Ұлы Отан соғысы тақырыбына арналған «Қурляндия» романы 1950 жылы жарық көрді. Бұл шығармасы үшін жазушыға Жамбыл атындағы республикалық сыйлық берілді. «Қурляндия» романын кейіннен өңдеп, толықтырып, 1958 жылы «Құткен күн» деген атпен қайта жариялады.

«Қан мен тер» трилогиясы (1-кітап — *«Ымырт»*, 1961 жылы; 2-кітап — *«Сергелдең»*, 1964 жылы; 3-кітап — *«Күйреу»*, 1970 жылы) және «Сен» (1983 жылы), «Соңғы парыз» (1999 жылы) романдары дүниежүзі халықтарының көптеген тіліне аударылған.

1974 жылы КСРО Мемлекеттік сыйлығының лауреаты атанды. 2001 жылы Мәскеудегі Халықаралық Әдеби қордың «За честь и достоинство», 2003 жылы Халықаралық М.Шолохов атындағы сыйлықтардың лауреаты атанды.

Қызыл Жұлдыз, Енбек Қызыл Ту, «Құрмет белгісі», «Халықтар достығы» (1984 жылы), «Отан» (1994 жылы) ордендері және медальдармен, РСФСР Жоғарғы кеңесі президиумының Құрмет грамотасымен марапатталған.

1985 жылы Қазақ КСР Халық жазушысы құрметті атағы берілді. 2019 жылы Қазақстанның құрметті жазушысы болды.

СОҢҒЫ ПАРЫЗЫН ӨТЕГЕН ЖАЗУШЫ

Кили заманда сағы сынбаған, бойға біткен мінезі мен айқын көзқарасынан танбаған Әбдіжәміл Нұрпейісов өмірден өтті. Әдебиетімізде өшпес із қалдырды. Осыдан төрт жыл бұрын Әбен жазушы бауыры Шерхан Мұртазаны ақтық сапарға шығарып салу рәсіміне қатысты. Жасы үлкен, таяқ ұстаған ақсақалымызға жұрт орындық ұсынғанда отырмай, ұлт дәстүріне сай тік тұрып жокталды. Құдайы ас үстінде сөз берілгенде:

«Елдің тағдыры жазушының намысына байлаулы болатынын Шерхан Мұртаза көрсетті. Соңғы демі таусылғанша күресті» дегені есімізде. Бізге сонда ол қалың қаламдас ағайынға өнеге көрсетіп, тіршіліктегі жөн-жобаны аманаттағандай көрінген.

Әбен әрбір шығармасы жарыққа шыққанда ел оқырманын да, тысқары әдеби ортаны да бей-жай қалдырмайтын суреткер еді. Жазушы нағыз сөз зергерінің өзі, әдебиет алыптарының көзі еді. Өзегін өртеп, жанын тербеп жазған шығармалары адамзаттың қуанышы мен қайғысын, мұраты мен мүддесін арқалай алды. Қан майданды көрген оның жүрегі мен сезімі жаһандық күрделі сынақтарды қорыта білді. Көз көргенді ой таниды. Бәлкім, өмірді осылай терең, жете түсінген адам ғана ұзақ жасайтын шығар.

Жоғары лауазым, шен, атақ-марапат іздемей-ақ, қызметтің соңына түспей-ақ, Құдай берген талантымен оқырманның ықыласына, халықтың құрметіне бөленуге болатынын дәлелдеп кетті. Оның жазу мәнері, ой кеңістігі, байыптау әдісі өзгеше еді. Құндылықтар әлемі де шеңберге сыймайтын. Тағдырымен астасып жатқан тылсым жады — жіті, шалқар көңілі — сергек еді. Денгейі әлемдік аядағы жазушылармен теңесетін.

Жазушы Әбді-Жамил НҰРПЕИСТІН (өз нұсқасы) жазғандары, шығармалары әлі талай ұрпақтың рухани сұранысын өтеп, ұлт пен жаһанның санасында, көркем дүниетанымында сақталады деп ойлаймыз.

Дархан МЫНБАЙ,
Мәжіліс депутаты



Қонысбай Тәжібаевтың кәсібі жұрттан өзгеше. Ол кәдімгі жауынкұрт (*шылаушын*) өсірумен айналысады. Қонысбай бұл шаруаны осыдан төрт жыл бұрын қолға алған екен. «Кұрт өсіру ауыл шаруашылығы мамандары үшін таңсық бола қоймас. Алайда қарапайым жұрт алғаш естігенде аң-таң болып жатады. Дегенмен осы кәсіптің қадірін білген жанға мұның пайдасы бар» дейді сұхбаттасушымыз.

ОЛАР ДА СЕЗІМТАЛ...

Қонысбай Тәжібаевтың шылаушынға деген қызығушылығы интернеттегі осы салаға қатысты түрлі мағлұматты оқудан басталыпты. Содан өзіне көп мәлімет, тәжірибе жинақтаған. Сөйтіп Ресейден құрттарды алдырта бастайды. Бүгінде оның шаруашылығында 700 мыңдай құрт өсіріледі. Байқасақ, шылаушын өсіру оңай жұмыс емес екен. Ол да өзіне көңіл бөлгенді, баптағанды тәуір көреді. «Біз әдетте шылаушынды балық кармағына түйрей салатын жәндік ретінде көреміз. Анығында, олар өте сезімтал келеді. Кейде үйіме балықшылар келіп, құрттарды сатып алатыны бар. Сол кезде тыныш жатқан уак тіршілік иесі мазасыздана бастайды. Бөтен адамды бірден біледі. Ал өңделген топырақты



мен қураған жапырақтар беріледі. Шылаушындар +15-25 градус температура аралығында өздерін жақсы сезінеді. Қыстыгүні 70 см тереңдікке дейін бойлайды. Өңделген күбірде ніс болмайды. Құрттар толықтай дайын топырақтан арнайы електер арқылы ажыратып алынады. Топырақ құнарын төрт жыл сақтайды Биогумустың басты артықшылығы — құрамында химиялық қоспалардың жоқтығы. Демек ол — таза табиғи өнім. Бағзы заманнан осы уақытқа дейін бәріміз малдың көнін еш өңдеусіз-ак егінге, бау-бақшаға қосып келдік.

Бірақ мұндай көнде өсімдікке зиянды түрлі бактериялар өмір сүретінін ескере бермейміз. Ал шылаушындар

ЖЕРДІҢ ҚҰРТЫ ДА БАЙЛЫҚТЫҢ КӨЗІ

електен өткізген уақытта бұлар кәдімгідей күйзеліске түсіп, көп уақыт демалуды қажет етеді», — дейді кәсіпкер. ...Аулада тұрған үлкен шоланның ішіне кірдік. Оның іші тып-тыныш, таза екен. Иіс те сезілмейді. Көзге түскені малдың күбірі толы ұзын астаулар ғана. Міне, шылаушындар осы күбірдің арасында өмір сүреді. Олар малдың көнін құнарлы биогумуска айналдырады.

ТАЗА ТАБИҒИ ӨНІМ

Биогумус өндіру технологиясы дегеніміз — әуелі малдың тезегі сумен шайылып, бойындағы аммиак қышқылынан тазарту. Күбірдің арасында коқыстың болмағаны дұрыс. Содан соң үстіне құрттар жіберіле бастайды.

Шылаушындар ылғал сүйгіш жәндіктер қатарына жататыны белгілі. Сондықтан күбірді құрғатпай су себелеп тұрған жөн. Осы арада ескерте кететін жайт бар. Бұл — мал көнінің сапасы.



Жауынкұртқа малдың жана түскен тезегін қосуға болмайды. Өйткені жас қидың қызуы олардың тіршілігін жояды. Әрбір құрт күніне өзінің салмағындай күбірді өңдейді. Күтімі жақсы болса, тез көбейеді. Компост негізін кез келген органикалық қалдықтар құрайды. Бастапқыда бір текше метрлік пластикалық жәшіктерді қолдануға болады. Жем ретінде қағаз қалдықтары

осындай қауіпті бактерияларды жойып отыратын көрінеді.

«Бүгінгі таңда бізге шетелдерден арнайы қаптамаға салынған биогумустар келеді. Алайда оны таза деп айта алмаймыз. Өйткені таза биогумус ол жактарда өте қымбатқа сатылады. Қазір біздің жеріміз түрлі нитраттармен уланып, топырақ эрозияға ұшырады. Мұндай жерге шыққан өнімнің сапасы айтпаса да белгілі. Мәселен, былтыр біздің жерде өскен қызанақты Ресей өз шекарасынан өткізбей қойды. Өйткені ондағы нитрат мөлшері жоғары екендігі анықталды. Ал дикандар жерге дәріден басқа ештеңе салып жатқан жоқ. Қазіргі адамдардың аурушандығының басты себебі де жеп отырған тағамының таза болмауында. Керісінше, шылаушын өңдеген күбірдің тірі организмге зияны жоқ. Жерді құнарландырады. Топырақтың құнарын төрт жыл сақтайды», — дейді кәсіпкер.

Иә, аталған шаруашылықтың өнірімізде өрісі кенейсе, халыққа зор пайдасы тиері сөзсіз. Бүгінгідей құнарсыз асқа денсаулық пен ақшаны садақа қылып жүрмес едік. Мемлекет қолдау көрсетіп жатса, Қонысбай бизнесінің ауқымын кеңейтпек ойы бар. Өзі секілді шаруалар қатары көбейсе, егін шаруашылығы саласының гүлденеріне де сенеді. «Ең бастысы, бұл іспен айналысамын деушілерге еңбексүйгіштік пен төзім қажет» дейді ол.

КӨКТЕМГЕ ҚАРАЙ САУДА ҚЫЗАДЫ

Шылаушындарды әуесқой балықшылар жүздеп сатып алады. Дайын, өңделген топырақтың бір kilosы 70 теңгеден саудаланады. Сауда көктемге қарай қыза түседі екен. Кәсіпкер дәл қазір күбірдің әр қапшығын 500 теңгеге сатып алып отыр. Ал кейбір алыс-жақын ауылдардағы малшылар қорадан шыққан көнді коқысқа тонналап төгуде. Күбірге өзге де коқыстар араласқан соң оны

пайдаға асыру қиынға түсетін көрінеді. Егер ауыл шаруашылығы мамандары мен шаруалар өзара ұйымдасып, егістік алқаптарына осындай жанды тынайтқышты қолданса, бұл кәсіп кең канат жаяр ма еді, бәлкім.

Нүргүл НАСЫР,
Атырау облысы

Жасыратын не бар, бізде «жемқор» деген сөз көбіне шенеунікке қаратып айтылады. Майлы жіліктің басын ұстағандар қазынаға қолды мол салып, миллиардтап ақша жегенін естігенде бір кіжініп қаламыз. Жемқорлықтың біз сияқты жұмыр басты пендеге қатысы жоқ дейміз. Рас, кейде біреулерге сый-сияпатымызды беріп, оны-мұны шаруамызды тыңдырып аламыз. Жұмысқа тұру үшін жең ұшынан жалғасамыз. Мүгедектікті дәлелдеу үшін комиссияның мұртын майлау керек дегенді де естиміз. Мектепке «демөушілік» жасаймыз т.с.с. Қысқасы, бәріміз жабылып, жемқорлық іңдетінің асқынуына азды-көпті үлес қосып көлеміз.

Біз өз өмірін жақсарту үшін пара беруге мәжбүр болған жандармен сөйлесіп көрдік. Олардың өз шындығы бар.

«ЕДЕН ЖУУ ҮШІН АҚША БЕРДІМ»

Ескерту: белгілі себептермен сауалнамаға қатысушылардың аты-жөні өзгертілді.

Әлия ӨСКЕНБАЕВА, еден жуушы:

Мен Алматы облысына қарасты кішкентай ауылда тұрамын. Мектепке еден жуушы болып орналасу үшін бірнеше жыл кезекте тұрдым. Ауылда дұрыс жұмыс жоқ, оны білесіздер. Ал мен сияқты дипломсыз адамға жұмысқа орналасу тіпті қиын. Еден жуушы болып орналасқанға дейін ауылдағы жұмыссыздар қатарына тіркеліп, әкімшілікті сырлау, әрлеу, көше тазалау сынды жұмыстарға қатысып жүрдім. Оның пайдасы

теңге деп көрсетілгенімен, анау-мынауға ұстап, қолыма таза 60 мың теңге аламын. Қазір тегін ештеңе жоқ. Кішкентай бір мәселемізді шешу керек болса, пара бергіміз келіп тұрады.

Жамал БЕРДІБЕКОВА, мұғалім:

Мен көпбалалы анамын. Төртінші сәбиім екі жасқа толғаннан кейін мамандығым бойынша жұмысқа орналасайын деп шештім. Алматы облысы Карасай ауданына қарасты қала іргесіндегі ауылда тұрамын. Өзім оңтүстік өңірдің тумасымын. Шымкент педагогикалық оқу орнының бастауыш сыныбының мұғалімі деген дипломым бар. Араға он жыл салып, мамандығым бойынша жұмыс істейін деп шештім. Ең алдымен ауылыма жақын мектептерді араладым. Бастапқыда орын жоқ, оқу бітіре салып жұмыс істемегенсіз, тәжірибенің жоқ деп шығарып салды. Кейін мектепте мұғалім болып істейтін танысым жайдан-жай барып жұмысқа орналаса алмайтынымды айтты. Сөйтсем, мектеп директорының әр пән бойынша өзінің жарнасы бар екен. Мен орналасқан кезде бастауыш пәні мұғалімінің «бағасы» — 200 мың теңге. Ол осыдан үш жыл бұрынғы баға. Жолдасым, ата-анама айтып көмек сұрап, директор сұраған қаржыны апарып бердім. Одан бөлек, ең алғашқы айлығыма мектеп басшылығын кафеде отырғызуым керек екен. Оны да жасадым. Кейін білдім, жаңадан жұмысқа орналасқан әріптестерімнің бәрі осы жолмен қабылданыпты».

Құралай ЖҰМАБЕКОВА,
3 топтағы мүмкіндігі шектеулі жан:

1997 жылы кіші қызым бірінші сыныпқа барған кезде денсаулығым күрт нашарлап, талма ауруына шалдықтым. Жолдасымның емдеуге апармаған жері жоқ. Қазақша емдейді деген бақсы-балгердің бәрін араладық. Ешқандай нәтиже бермеді. Қаладағы туыстарым Алматыдағы №7 қалалық ауруханаға жатқызды. 2000 жылдан кейін мендегі диагноз эпителия екені анықталды. Он бес жылдай осы аурумен күрестім, дәрігерлер жазып берген дәрі-дәрмекті іштім. Ауырмай тұрғанда ауылда шағын дүкенім болатын. Мен ауырғаннан кейін қараусыз қалып, тапсырған туыстарымды дүкенді жүргізе алмады. Ауылдағы бас дәрігер менің диагнозыма мүгедектік бойынша зейнетке шығуға болатынымды айтты. Үйі-ішіммен ақылдасып, зейнетке шығайын деп шештім. Ең алдымен, аудандық аурухананың нейрохирург дәрігерінен бірнеше рет тексеруден өттім. Оған да біраз тиісті жарналарын төледім. Осылайша үш жыл дегенде жүзіріп жүріп, 3-топтағы мүгедектік бойынша өмір бойғы зейнетке шықтым. Ең алғашқы жәрдемақым 40 мың теңге болатын. Былтыр 60 жасқа толып, кәдімгі зейнеткерлікке шықтым. Қазір зейнеткерлік пен мүгедектігім қосылып, 70 мың теңгедей аламын».

Айгүл БОЛАТҚЫЗЫ, банк қызметкері:

Мен бірнеше жылдан бері көлікке ақша жинап, армандаған көлігіме қол жеткіздім. Бір қызығы, көлігім бар, жүргізуші куәлігім жоқ. Достарымның көлік жүргізуді үйреткені болмаса, жүргізушінің арнайы мектебіне барып үйренген емеспін. Содан не керек, жүргізуші куәлігін алып береді-ау деген біраз жарнамаға хабарластым. Бірі 200 мың, бірі 300 мың теңге сұрайды. Оны қымбатсынып, ХККО-да жұмыс істейтін таныстарыма шықтым. Ондағы бір танысым 150 мыңға келісіп беретінін айтты. Ең бастысы, 50 пайыз соманы алдын ала, қалғанын куәлік қолыма тигеннен кейін беруім керек. Тек айтылған уақытта белгіленген жерге келуім керек. Осылайша келісіген күні келдім. Ақшаны бейтаныс біреудің нөміріне аудардым. Бір кезде ұзын бойлы жігіт келіп, емтихан тапсыратын бөлмеге кіруімді өтінді. Компьютердегі ешқандай пернені баспаймын. Одан түк білмесем де, жақсы деген нәтижемен келесі тұрға өттім. Ол тұрда инструктордың бақылауымен көлік жүргізесің. Ол маған не істеу керек екенін айтып отырды. Одан да сәтті өттім. Арасы жарты сағат ішінде көлік жүргізу туралы куәлігім қолыма тиіді. Қалған жарнаны аударып, құжатымды алдым. Дегенмен жүргізуші куәлігін сатып алғаннан кейін, арнайы мектептен үйреніп, содан кейін көлікке отырдым».

Дайындаған Макпал НОҒАЙБАЕВА

сол: көктем, жаз, күз айларында ауылдағы жұмыссыз келіншектер әкімшілікке тіркелеміз. Кәдімгі ай сайын жалақымызды алып, зейнетақы қорына да тұрақты жарна аударылады. Бірақ жұмыс үш ай қыста тоқтайды. Сондықтан тұрақты жұмыс іздедім. Шыны керек, мектепке еден жуушы болып кіруің үшін, директордың аузын майлауың керек. Онда да директордың тілін табатын жақсы танысың арқылы сөйлесесің. Осылайша ауылда атақ-абыройы бар ағамды ортаға салып, бір қойдың құнын жинап, жұмысқа орналастым. Онда да бала күтімі бойынша декретке шыққан келіншектің орнына. Ол үш жылдан кейін немесе одан ертерек келсе, жұмыс орны өзіне қайтарып беремін. Айлығымыз 80 мың



Қабырғаны қайыстырған қаңтар қасіретінен кейін Президент Қ.Тоқаевтың Қытайға сапармен баруы, сөз жоқ, еліміздің сыртқы саясатындағы аса маңызды қадам ретінде бағаланды. Бұл еліміздің ең алдымен жақын көршілермен тату болуға, солармен сан-салалы ынтымақтастықты тереңдетуге мән беретінін көрсетті. Арада бір апта өткенде Қазақстан мен Ресей басшыларының Кремльде көздесуі осы ойды қуаттай түскендей. «Неге Қытайға?» деген қисынсыз сауалды қойып, біле тұра, білмегенсіп, көпекөрнеу бұра тартып, «тисе терекке, тимесе бұтаққа» деп дәйексіз, дүмбілез долбарын бұрқыратып жатқандар да бар. Әлгілер Ресей мен Кіндік Азия елдері президенттерінің қысқы Олимпиада ойындарының ашылу салтанатына ресми шақыру алғанын біледі. Қытайға келгенде қырсығып, ресми өкілдерін Бейжіңге жібермеген Батыстың бүйректен сирақ шығарғанын да. Геосаяси бақталастықтың отына май құйып жатқандардың арасында бейбітшіліктің тірегі болған спортқа қолшоқпар деп қарайтындар аз емес. Әсіресе, дәл қазір.

«Бейжіңдегі Олимпиада ойындары бүкіл адамзат үшін жауапты сәтте өтіп жатыр. Бұл спорт сайыстары жанаруға үндеп, пандемияның сын-көтерлерін еңсеруге үлес қосады. Сондықтан Сіздің шақыруыңызды зор қуанышпен қабыл алдым». Қасым-Жомарт Тоқаев Қытай Халық Республикасының төрағасы Си Зинпинмен Бейжің қаласындағы

жүр. Жүзден жүйрік, мыннан тұлпар қатысқан дүбірлі долада тәп-тәуір өнер көрсеткен олардың жетістігі біздегі қыз-жігіттердің де қысқы спортқа бет бұруына ой салар деген үміттеміз. Ақорданың ресми сайты жазғандай, өзара сенім мен достыққа негізделген кездесуде екі елдің көшбасшылары Қазақстан мен Қытай арасындағы жан-жақты стратегиялық серіктестіктің, соның ішінде саяси, сауда-экономикалық, көлік-транзит және мәдени-гуманитарлық салалардағы ауқымды мәселелерді талқылады. Президент еліміздегі жағдайды тұрақтандыруға бағытталған күш-жігеріне берік

елдеріне құйылған 40 миллиард долларлық инвестициясының жартысы Қазақстанға келгенін айрықша атап өтуі де бекер емес. Осы арада тағы бір көрсеткішке тоқтала кеткен жөн болар: Қытай мен Орталық Азияның бес



Фотос: akorda.kz

елі арасындағы жалпы сауда-саттық көлемінің тең жарымы Қазақстанға тиесілі. akorda.kz сайтына жүгінсек, Бейжіңдегі жүздесуде дипломатиялық қатынастар орнаған 30 жыл ішіндегі қазақ-қытай қатынастарының дамуы туралы айта келе, екі елдің күш біріктіре отырып, барлық саладағы стратегиялық серіктестіктің берік іргетасын



қалағанына назар аударды. Оның пікірінше, бұл ынтымақтастық мәңгілік сипатқа ие әрі жан-жақты. Оның үстіне саяси конъюнктураға бағынышты емес. Келіссөз барысында сауда-экономикалық байланыстарды арттырудағы бірлескен іс-қимылға ерекше назар аударылды. Президент

Халық жиналысы үйінде өткен жүздесуде осылай деді. Президент, сондай-ақ Олимпиада ойындарының салтанатты ашылу рәсімі керемет ұйымдастырылғанын атап өтті. Осы арада еске сала кетейік, спортеүйер қауым 2008 жылы Аспан асты елінде өткен жазғы Олимпиада ойындарына тәнті болған. Қытай ғаламдық іс-шараны жоғары деңгейде ұйымдастырып қана қоймай, елде қысқы спорт түрлерінің бұқаралық сипат алуына күш салды. Соңғы төрт жылда осы мақсатпен шаңғы орталығы, мұз айдыны көптеп салынды. Соның нәтижесінде елде 300 млн адам шаңғы мен коньки тебумен айналыса бастады. Бұл үрдіс үлкен қалаларды ғана емес, шет аймақтардағы елді мекендерді де қамтылды. Жоба өз жемісін берді. Басқаны былай қойғанда, Шыңжаңда дүниеге келген үш бірдей қандастарымыз — Бәния Жәлен, Ақнар Ардақ және Қадис Беделхан Бейжің Олимпиадасында Қытайдың намысын қорғап

достық ниетін білдіргені, сондай-ақ Жана Қазақстан құру жолында қажетті көмек көрсетуге дайын екендігі үшін Қытай басшысына ризашылығын жеткізді. Жүздесуде, сонымен қатар, Си Зинпиннің тиімді басшылығымен қол жеткізген Қытай экономикасының даму жетістіктеріне жоғары баға берілді. Бұл жерде шығыстағы көршінің пандемия шектеулеріне қарамастан, жалпы ішкі өнім көрсеткіші бойынша елеулі жетістікке жеткенін айтқан жөн. Сарапшылардың пікіріне жүгінсек, енді он жылдан кейін Қытай экономикасы әлемде жеке-дара көш бастауы мүмкін. Мұның аймақ елдерінің, соның ішінде Қазақстанның дамуына оң ықпал етері айқын. Қантар айының соңына таман бейнебайланыс жүйесі арқылы өткен «Орталық Азия — Қытай» саммитінде сөйлеген сөзінде Қ. Тоқаевтың Қытай тарапынан Кіндік Азия

ҚЫСҚЫ ОЛИМПИАДА: ҚАУҚАРЫМЫЗ ҚАНДАЙ?

(Басы 1-бетте)

Спортшыларымыз қаржыдан қағажу көрмесе, жаттығуды алаңсыз өткізсе, қарны тоқ, көйлегі көк болса, неге нәтиже төмен? Айтпақшы, қаржыға қатысты болған соң қыстыра кетейік. Ұлттық Олимпиада комитетінің бас хатшысы Андрей Крюков Бейжің қысқы Олимпиадасына баратын делегацияға деп қазынадан 250 миллион теңге бөлу жоспарланып, кейін барушылардың қарасын азайту арқылы 228 миллион теңге жұмсағанын жеткізді. Тағы бір дерек, қысқы Олимпиада ойындарына жолдама алған спортшылардың дайындығына 400 миллион теңге бөлініпті. Біз кімдерден үміт күттік? Ең алдымен, 2018 жылы Пхенчхан (*Оңтүстік Корея*) қысқы Олимпиадасында фристайлдың могул түрінен Юлия Галышева қола медаль алған еді. Бұл жолы да біз «үлкен пышақ ұялғаннан өтедіге» имандай ұйып, көміл сендік. Өйткені Юлия Галышева 2010 жылы Канада елі өткізген қысқы Олимпиада ойындарына алғаш қатысып, 11-орынды місе тұтты. Ол кезде Юлия 18-ден енді асқан бойжеткен еді. 2014 жылы Сочи Олимпиадасынан (Ресей) 7-орынмен оралды. 2018 жылғы доладағы жетістігін айттық. Бір мүшел уақытта төрт Олимпиада додасына қатысқан Галышева кәсіби спорттың өлшемімен алғанда «қартайды». Отыз жаста шыннан құлдилап келіп, секундтар ішінде әуеде айналып құламай, жерге қону, әрине, қиын. Бейжің Олимпиадасында 11-орын алған спортшы кәсіби мансабын тоқтатуды жоспарлап жүргенін де айтып қалды. Талантты спортшы жұлдеге жете алмағанын дайындығының аз болғанымен, бабының кемшін түскенімен түсіндірді. Жаттығуды алаңсыз өткізуіне коронавируска қарсы тапсырған қатысқан Галышева кешеуілдеп, уақыттан ұтылған. Фристайлдың могул түрінен ерлер арасында сынға түскен Павел Колмаков пен Дмитрий Рейхердтен де жұлде күттік. Әсіресе, Колмаковқа көптің сенімі мол еді. Өйткені ол Алматыда өткен әлем чемпионатында қола, осы жылы Финляндия елі ұйымдастырған әлем кубогында күміс



Фотос: akorda.kz

медаль олжалаған-ды. Әлемдік рейтингтегі көрсеткіші де тәп-тәуір болды. Бірақ сенген серкеміз Бейжің Олимпиадасын 21-орынмен төмамдады. Қайта Рейхердтің жетістігі тәуір — ондыкқа сніп, 8-орынды місе тұтты. Үміт отын маздаталды деген шорт-трекшілеріміздің ішінде әзірге Әділ Ғәлияхметовтің 8-орын алуы ғана жетістік. Денис Никиша биылғы қысқы маусымда әлем кубогының кезеңдерінде екі рет қола медаль алды. Ал Әділ Ғәлияхметов әлем кубогынан күміс жұлдемен оралған. Өкінішке қарай, шорт-тректен 1500 метрге жарысуда Денис Никиша сүрініп кетіп, жарыс жолынан шығып қалды. Никиша канадалық атлетті де қағып ескерту алды. Ә.Ғәлияхметов іріктеуден өтіп, финалдық бөсекеле жұлдеге жетпей тоқтады. Сайыстан кейін өзінің пікірін айтып, алғашқы Олимпиадасында 8-орын алуына көңілі толатынын жеткізді. Кейбір спортшылар Бейжің Олимпиадасындағы сәтсіздікті табиғаттың тосын мінезіне жауып, желдің соғуына, жасанды қардың кедергі келтіргеніне аударып жатыр. Былтыр Токио Олимпиадасында «күн ыстық болды» деп желеулетіп еді.

Бұл да ештеңе емес-ау, қазір әлем үшін ең үлкен кедергі — коронавирус. Спортшылардың да басты уайымы — ковид жұқтырып алмау. Әлемдегі бірнеше талантты спортшы осы сырқатқа шалдығып, Бейжің қысқы Олимпиадасына қатыса алмады. Дегенмен үміт оты әлі де сөнген жоқ. Жарыс жолына енді шығатын спортшыларға үміт артамыз. Әлемдік спорт сарапшылары Бейжің қысқы Олимпиадасынан қазақстандық спортшылар 1 медаль (*не күміс, не қола*) еншілейді деп топшылаған-ды. Сочи Олимпиадасының қола жүлдегері, мәнерлеп сырғанаушы Денис Теннен айырылып қалдық. Тағы бір талантты спортшымыз, осы мәнерлеп сырғанаудың жарқын жұлдызы Элизабет Тұрсынбаева да спорттағы сапарын тым ерте аяқтауға мәжбүр болды. 2007 жылы қысқы Азиада ойындарын өткізіміз деп Алматы мен Нұр-Сұлтанда спорт кешендері салынып, кейбірін заман үдесінен шығатындай етіп жаңғырттық. 2017 Алматыда дүниежүзілік қысқы универсиада додасын өткізу үшін бірнеше ірі спорт кешені бой көтерді. 12 мың көрермен еркін отырып, сайысты тамашалайтын «Алматы-Арена», «Халық Арена» кешендері бой көтерді. Осындай ареналарда біз кешегі Людмила Прокашевалардың (*1995 жылы өткен әлем чемпионатының күміс жүлдегері, 1998 жылы Жапонияның Нагано қаласында өткен қысқы Олимпиаданың қола жүлдегері*) ізін өрбітіп, жеңісін жалғайтын ізбасарларды шығара алмай келеміз. Тәуелсіз Қазақ елінің тарихында Олимпиада чемпионы атанған алғашқы спортшы Владимир Смирновтың 1994 жылы Лиллехаммерде (*Норвегия*) алтын медаль алғанына да 28 жыл өтті. Содан бері біздің спортшылар қысқы Олимпиадаға осымен сегізінші рет қатысты, алтынсыз қайтып жүр. Көріпкелдігі бар еді демейміз, жалпы қысқы Олимпиада ойындарындағы нәтижеміз қандай болмақ дегенді бытыр күзде Сенат депутаты Нұржан Нұрсипатов біздің газетіміз арқылы «Спорт кешендері қанырап тұр» деп (*№39 1 қазан 2021*) мәселе көтерген болатын. Орында сыннан сабақ алып, қисығымызды түзеп, кетігімізді бүтіндесек, қанеки. Былтыр жазда Токио Олимпиадасындағы сәтсіздіктен кейін бірнеше шенділер тағын босатып еді, Бейжің Олимпиадасы біткен соң абың-күбін әңгімесі біразға дейін басылмайын деп тұр. Спортты біз статистика үшін емес, таланттарды баптау бағытында дамытқанда ғана көсегеміз көгерді.

Қуаныш РАХМЕТ



E-mail: jasqazaq2019@mail.ru

www.jasqazaq.kz

АИМАҚ

Мәселе

Қаңтар айындағы жаппай тәртіпсіздік кезінде Талдықорған қаласында 7 әкімшілік ғимарат, атап айтсақ, Алматы облысының әкімдігі, Алматы облысының полиция департаменті, Талдықорған қаласының полиция басқармасы, Алматы облысы бойынша Ұлттық қауіпсіздік комитетінің департаменті, Nur Otan партиясының Алматы облыстық филиалы, І.Жансүгіров атындағы Мәдениет үйі, М.Тынышпаев атындағы Алматы облыстық тарихи-өлкетану мұражайы ғимараттары зақымдалды.

21 МЫҢ ЖАС ЖҰМЫССЫЗ ЖҮР

Қантар айындағы жаппай тәртіпсіздік кезінде Талдықорған қаласында 7 әкімшілік ғимарат, атап айтсақ, Алматы облысының әкімдігі, Алматы облысының полиция департаменті, Талдықорған қаласының полиция басқармасы, Алматы облысы бойынша Ұлттық қауіпсіздік комитетінің департаменті, Nur Otan партиясының Алматы облыстық филиалы, І.Жансүгіров атындағы Мәдениет үйі, М.Тынышпаев атындағы Алматы облыстық тарихи-өлкетану мұражайы ғимараттары зақымдалды.

Бүгінгі таңда І.Жансүгіров атындағы Мәдениет үйі және М.Тынышпаев атындағы облыстық тарихи-өлкетану мұражайы қалпына келтірілді. Ал облыс әкімдігі, полиция басқармасы және «Нұр Отан» партиясы ғимараттарына жөндеу жұмыстары жүргізілуде.

Қазіргі таңда облыс әкімдігі, Алматы облысы бойынша Ұлттық қауіпсіздік комитетінің департаменті ғимараттарын қалпына келтіру бойынша техникалық тексеру, мемлекеттік ведомстводан тыс сараптама жүргізуге облыстық құрылыс басқармасы 144,8 млн теңге қаражат бөліп, жобалық-сметалық құжаттамасы әзірленуде.

Қалпына келтіру жұмыстарына қажетті нақты қаражат сомасы мемлекеттік ведомстводан тыс сараптама қорытындысы шыққан соң белгілі болады. Алдын ала есептеулер бойынша аталған нысандарды толық қалпына келтіру үшін 5,9 млрд қажет.



Жаппай тәртіпсіздік кезінде қайтыс болған күштік құрылымның 8 қызметкерінің әрқайсысының отбасына 5 млн теңгеден өтемақы төленді. Қаза тапқандар мен олардың туыстарының екінші деңгейлі банктерден алған жалпы сомасы 9,8 млн теңгені құрайтын несиелері кешірілді. Баспанасы жоқ төрт отбасыға тұрғын үй сатып алынуда. Сонымен қатар зардап шеккен 135 полиция және әскери қызметшіге 2 млн теңге көлемінде көмек көрсетілді. Шағын және орта бизнестің 147 субъектісіне жалпы сомасы шамамен 4 млрд теңгеге келтірілген залалды өтеу бойынша жұмыс басталды.

Облыс әкімі Қанат Бозымбаев Мемлекет басшысының қатысуымен өткен Үкімет отырысында: «Орын алған оқиғалардан кейін біз тұрғындардың белгілі бір топтарының наразы көңіл-күйінің себептерін талдалық. Негізгі мәселе, біздің ойымызша, халық табысының тым төмен болуы. Облыста 53 мың жастың арнайы-орта немесе жоғары білімі жоқ, оның 21 мыңы жұмыс істемейді және оқымайды», — деді.

Демек алдағы уақытта Жетісудағы жастардың білім деңгейін көтеру мен жұмыссыздық жағдайын азайту бағытында ауқымды жұмыстар атқарылуы тиіс.

Талдықорған қаласының тұрғыны Мақсат Әлғазыұлы: «Орта мектепті бітірген соң жоғарылап оқуға, белгілі бір мамандық алуға мүмкіндік болмады. Кәсіптік мектептерден білім алуға тұра келді. Сонымен қатар, жұмыс істей жүріп, аспаздық, ағаш шебері сияқты мамандықтарды менгердім. Сосын өркімге жалданып, күнделікті табысқа сүйеніп жан бағып келемін. Бірақ тұрақты жұмыс, ай сайын алып отыратын енбекақын болмаған соң бірде бар, бірде жоқ дегендей, күн көріп жүрміз. Өз бетімізбен жұмыс ашуға қаражат, тағы да басқа кедергілер жетерлік. Айналада мен сияқты күндік табысын қанағат ететін қатарластарым көп. Кейінгі жылдары қалада ашылып жатқан өндіріс орындары көбейгенімен, бәрі жекенің қолында. Оларға жұмысқа тұру қиын.

Мемлекет тарапынан зауыттар, өндіріс орындары салынып, жүйелі басқарылса, біз сияқты тұрақты жұмыс таба алмай жүрген жастарға үлкен қолдау болар еді», — дейді.

Қажет АНДАС,
Алматы облысы

Дау



Құзырлы органға арызданған азаматтың сөзінше, әкелінген 11 716 ноутбуктің техникалық талапқа сәйкестігі расталмаған. Тіпті бұл акпаратты қалалық ішкі мемлекеттік аудит департаменті де нақтылаған көрінеді. Өз шағымында сапасыз техникалық құрылғыны қабылдаудан бас тартқаны үшін жұмыстан да қуылғанын жеткізген.

Алайда баскарма басшысы Жанат Тәжиева тағылған айыппен келіспейтіндігін арнайы баспасөз жиынында мәлімдеді. Оның айтуынша, ноутбуктің техникалық сапасын тексеру үшін арнайы сараптамаға жүгінген. Соның нәтижесінде баскарма басшысы ешқандай сыбайластыққа жол бермегенін дәлелдеп шықтым деп отыр.

Ж.Тәжиеваның айтуынша, мемлекеттік сатып алу конкурсына 10-нан астам мекеме қатысқан. Сатып алу рәсімі кезіндегі барлық бейнетүсірілім мен рәсімделген құжаттардың көшірмелері комиссия басқармаға арнайы келіп, ҰҚК, прокуратура, ДЭР, қаржы полициясы тарапынан сұратылып алынып, бірнеше рет зерделенген. Сонымен қатар 2021 жылдың бастапқы айларында, сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл департаментінің ұсынысы негізінде, ішкі мемлекеттік аудит департаменті



Шымкентте ши шықты. Әңгіме «қалалық білім басқармасының 2020 жылы қашықтан оқыту жүйесіне техникалық талаптарға сай келмейтін сапасыз ноутбуктер сатып алғаны» жайында. Қалалық әдістемелік орталығының ІТ маманы Арман Ержігітов басқарма басшысы Жанат Тәжиева осындай заңсыздыққа жол беріп, бюджет қаржысын оңды-солды пайдаланды деген мазмұндағы үндеуін әлеуметтік желіде жариялап, шу шығарды.

НОУТБУКТЕН ШЫҚҚАН ШУ

жалпы саны 30 мыңдай ғана компьютер болды. Оқушылардың қашықтан білім алуын қамтамасыз ету мақсатында мемлекеттік бюджеттен 7 млрд 200 млн теңге қаралып, мемлекеттік тапсырыс аясында бір көзден сатып алу жұмыстарын жүргізуге, қысқа мерзім ішінде сатып алуға рұқсат берілді. Білім және ғылым министрлігі бекіткен арнайы тәртіп пен техникалық ерекшеліктер сипаттамасы негізінде жалпы саны 56 586 дана дербес компьютер, ноутбук және планшет алынды. Сондай-ақ қажетті техниканы алу барысында Сыбайлас жемқорлыққа қарсы агенттіктің жергілікті өкілдері, «Адалдық аланы» мүшелері мен қала мектептерінің 15 мұғалімінен құралған арнайы комиссия жұмыс істеді», — деді Жанат Арысбекқызы.

Баскарма басшысы Жанат Арысбекқызының айтуынша, А.Ержігітов декреттік демалыстағы М.Байқоңырованың орнына уақытша қабылданған.

«Арман Ержігітов ешқашан тікелей менің қол астымда жұмыс істеген емес. Мен, яғни Жанат Тәжиева,

оны жұмысқа қабылдамағандықтан, жұмыстан шығаруға да мүмкіндігім жоқ. Ол Шымкент қаласы КММ әдістемелік орталығында декреттік демалыстағы өдіскердің орнына жеке арызы негізінде уақытша қабылданған екен. Декреттік демалыстағы өдіскердің жұмысқа оралуына байланысты қызмет орнын өз өтініші негізінде босатқан. Мұнда да өдіскердің өтініші бар. Егер де әдістемелік орталық декреттік демалыстағы маманды өз орнына қайта қабылдамаса, онда заң бұзушылық орын алар еді», — дейді ол.

Жиын соңында Ж.Тәжиева ресми мәлімдеме жасалды.

«Бір аптадан бері А.Ержігітовтің үндеуін өмірімде танымайтын 50-ден астам адамның арнайы посттарға сүйіншілеп, Шымкенттің атын былғанышты көрсетуді мақсат етіп жан-жақты жариялауы, сонымен қатар шындықты *(іші сезін)* өзі біле тұра, мемлекеттік қызметкерлерге көрсеткен

шабуылы немесе қасақана әрекеті немесе әдейі ұйымдастырған китүрқы айлап салушылар ықпалы деп білемін.

Мемлекеттік қызметкер ретінде әлеуметтік желі арқылы және түрлі органдарға жазбаша жалған ақпараттар мен мәліметтерді тарату арқылы екі жылдан бері абыройыма, денсаулығымға елеулі нұқсан келтіруіне

байланысты арнайы сот органдарына Арман Ержігітовке шағым түсіретінімді ресми түрде хабарлаймын. «Шымкент қаласы Білім басқармасының басшысы Жанат Арысбекқызы Тәжиева заңсыздықтарға жол беруде және бұған жергілікті құзырлы органдар көз жұмып отыр» деген уәжі бойынша, құзырлы орындар тарапынан қайта тексеруді заңды деп санаса, ешқандай қарсылығым жоқ», — деді.

Пандемия кезінде алынған компьютерлердің 8 мың данасы мұғалімдерге, қалғаны оқушыларға уақытша үлестірілген болатын. Қашықтан оқыту жүйесіне дайындық үшін мемлекеттен берілген компьютерлік құрылғының нақты қаншасы істен шыққаны белгісіз. Үлестірілген отбасылардың арасында ноутбукті бұзған, сатқан, тіпті ломбардқа өткізгендері де кезігіпті. Алайда олар құрылғыны кері қайтаруға міндетті. Ол бойынша әлі жұмыс жүргізіліп жатыр. Тағы бір ақпар, техника сатып алынған компанияның 2 жылға берілген кепілдік мерзімі бар. Сол уақыт аралығында істен шыққан компьютерлер ауыстырылған.

Мәлдір КЕНЖЕБАЙ,
Шымкент қаласы



А.Ержігітовтің арызы бойынша алты ай бойы тексерілген.

Сол кезеңде комиссия құрамындағы Шымкент қалалық білім басқармасына қарасты Әдістемелік орталықтың «Сандық технологиялармен қамтамасыз ету» бөлімінің өдіскері Арман Ержігітов дауға себепкер болып отырған LENOVO маркалы ноутбуктің техникалық талаптарға сәйкес екенін айтқан. Брифинг барысында Ж.Тәжиева БАҚ өкілдеріне бірінші кезекте, программистер техникалық талаптарға сәйкестігі, сапасы, саны, қабылдап алған кездегі құжаттары, компьютерлік құрылғылардың өз нөмірлеріне дейін, ішіне орнатылған бағдарламалар, олардың сертификаттары, қай уақытта бекеттерден өткені, кешіккен уақыттарына қойылған айыппұлдарына дейін тексерілгенін айтты. Нәтижесінде, Ішкі аудит департаментінің сапа бөлімі қорытындысымен, білім басқармасы тарапынан қаржылық бұзушылықтар анықталмағаны қорытындылаған.

«Төтенше жағдай кезінде арнайы комиссия 3 күн бойы ұсынылған тауарлардың техникалық сәйкестігін зерделеп, LENOVO, Dell сынды 5 түрлі марканың тауарларын алу туралы шешім қабылдады. Бұл кезеңдегі

23 тамызында қайта қарауға арызданып, 15 қыркүйек күні жауап алған. «Құжатта 2021 жылғы «16 қыркүйектегі сапа бақылауының қорытындысына сәйкес, 3 116 158,8 мың теңгеге анықталған бұзушылық рәсімдік сипаттағы бұзушылық болып қабылданғанын хабарлайды» делінген. Ішкі мемлекеттік аудит мамандарының айтуынша, алғашқы тексеру кезінде аудитор «Сот сараптамалары орталығының» қорытындысын негізге алмағаны, сондай-ақ сипаттамадағы сөзді дұрыс талдамағаны айтылған. Біз төтенше жағдай кезінде шектеулердің салдарынан тауарды мерзімінен кеш жеткізген мерлігерді талапты уақтылы орындамағаны үшін сотқа беріп, одан 110 млн теңге айыппұл өндірілді. Бұл қаржы мемлекет қазынасына қайтарылды», — дейді Ж.Тәжиева.

Еліміздегі 2020 жылғы пандемия кезінде жарияланған төтенше жағдайға байланысты мемлекеттік бюджеттен бөлінген 7 млрд 200 млн теңгеге жалпы саны 56 586 дана дербес компьютер, ноутбук және планшет алынған.

«2020 жылы елімізде төтенше жағдай жарияланып, оқушыларды қашықтан оқыту туралы білім және ғылым министрлігінің шешімі шыққан кезде Шымкентте 250 мыңнан астам оқушы бар еді. Ал қалалық білім басқармасына қарасты мекемелерде

(Соңы. Басы өткен санда)

Баукең аха-ха-халап біраз күліп алды. Мен де өзімді өзім ұстай алмай күлкіге ерік бердім.

— Бақытжанмен, Шерханмен, Мекемтаспен сені салыстырғанда айырмашылықтарын жер мен көктей. Өзім деші?

— Өзім.

— Ернің ерніңе тиді ме?

— Тиді.

— Сен екі туып бір қалғаным болмасаң да — өзімсің. Мұны айтпасам да білесің, білуге тиіссін. Менімен әңгімелескендегі естігенімді үйіне бара салып жазып қоятыныңды құптаймын. Онсыз айтқандарым есінде тұрмайды. Оған уақыт тауып, тиянақтылық танытқаның — ұқыптылығың. Бұл әдісті мен өз тәжірибемнен білем.

төрағасы Қонаевты шақырып алыпты. Ол оқып, мырс-мырс күліп, қандай мәмлегер, «кінәсін мойындапты» депті.

Бірақ оның шындықты айтуы керек еді. Неге бұлай жаздың десе, бір ауыз сөзбен Юсуповтың аузын аштырмас едім.

— Ол бір шумақ өлеңіңізді ел жатқа біледі.

— Білсе білсін. Маған кара күйе жаккан «Қазақ әдебиеті» газеті менен кешірім сұрамалы. Кешірім сұра деуге Сәбит те, Ғабит те жарамады. Екеуі де ақсақалдық жасай алмады. Өзіме өзім қол көтеріп не табам деген ойда, кешірім сұрамаса да, кешірдім. Алайда, бір жолы сәті түсіп, есемді қайтардым. Жазушылар одағына барып, екінші қабатқа



E-mail: jasqazaq2019@mail.ru

www.jasqazaq.kz



«Мен саған әкелік махаббатымды сыйладым»

Сен танытқан қызығушылықты, еңбекқорлықты Бақытжанның да, Шерхан мен Мекемтастың да тарапынан байқаған емеспін. Олар сұрақ қойып, ынтызарлық танытса, мен қой демес едім. Өкпелесе екеуімізге емес, өздеріне өкпелесін.

— Сіздің байкампаздығыңызға, ойшылдығыңызға таңғалам.

— Ар-ұждансыздар менің соғыста өлмей тірі қалғанымның, жер басып жүргенімнің өзін қызғанады. Марқұм Көмешке үйленгенімде, көре алмай, тісін қайрап жүргендер маған жабылды. Тіпті бала кезде интернатта жатып, бірге оқыған «досым» маған кара күйені аямай жакты. Жазушы деген атағы бар «інім»: «қоғамға бағынбайтын адам не аң, не Құдай» деген Аристотельдің сөзін келтіріп, «Қазақ әдебиеті» газетіне көлемді мақала жазды. 1937-ші жылғы «халық жауы» қырғынынан әрең аман қалған «қамқоршыларым» өсек-аянның ортасында, тасада бұқпантайлап күн көріп жүрсе де, бірін-бірі менсінбейтін, жолыққанда амалсыздан амандасатын олар жала жауып, бәле ойлауды өздерінше мәртебе көрді. Мәңгі өмір сүретіндей болып, бір-бірінің іргесін қазып, жардан құлатқанды аңсады. Бұрынғы облыстық партия комитетінің бірінші хатшысы, «халық жауы» атанып тұтқында ұзақ жыл азап шегіп келген кісі арамзалардың қолшоқпарына айналып, мені Жазушылар одағынан, партиядан шығарып, жұртқа қарай алмайтын қарабет ету қамына кірісті. Мен «қоғамға бағынбайтын адам төрт жыл алғы шепте соғыса ма?» деген бір ауыз сөзіммен бөлекор-жалақорлардың үнін өшірдім.

Біраз ес жиған «қамқоршыларым» қайта шабуылға шықты. Үйіме Қазақ ССР-і Орталық партия Комитеті мәдениет бөлімінің сектор менгерушісі Еркінбек Жексенбеков телефон соқты.

— Бауыржан аға, Қазақ ССР-і Орталық партия Комитетінің идеология жөніндегі хатшысы Нұрымбет Жанділдин мені сізге жолығып, сөйлес. Жазушылар одағының басшылары «Бауыржан Момышұлының төртібін бастауыш партия жиналысында қарайық десек, келмейді» деген тәрізді шағым жазыпты. Сол жөнінде сізбен сөйлес, қорытындысын маған келіп мәлімдейсің дегенді айтты. Үйіңізге қашан барайын? — деді.

— Сегіз күннен кейін қолым босайды. Сол кезде кел, — дедім. Уақытты әдейі кейінге шегердім. Бөлекор-жалақорлар «енді не болады?» деген ойда іштей уайым жесін, жүйкелері жұқарсын дедім. Жанділдиннің не ойлағанын, сектор менгерушісінің не айтатынын біліп отырмын ғой. Жағдай ұшығып, мені құртамын дегендер аласұрып, еліріп алған. Кімді кім «құртар» екен уақытында көрерміз деген ойда үйімде жайбаракат жата бердім.

Сектор менгерушісі айтқан күні келді. Өнінде үрей.

— Сені Жанділдин жіберді ме?

— Иә.

— Онда айтып бар. Мен өзімнің сүйген әйеліме үйлендім. «Жанділдин «ерлі-зайыптылардың арасына есі кеткен түседі» деген қазақтың мақалын ұмытып, ел-жұртқа күлкі-мазақ болмақ па деді» дегін. Кругом, шагом марш! — дедім аузын аштырмай.

Ол кетіп, менің сөзімді айнытпай жеткізді.

— Осылай деді ме?

— Иә.

Жанділдин күліпті де, бастапқы ойынан айныпты. Бөлекор-жалақорлар енді Қазақ ССР Орталық партия Комитетінің бірінші хатшысы Исмаил Юсуповке шағым жазыпты. Мені шақырды, бардым. «Ойымды ауызекі жеткізе алмаймын, қағазға жазайын» дедім. Ол қағаз, қаламсап әкелдірді. «Бауыржан Момышұлы атағым бар, көп қатын алды деген шатағым бар» деген бір шумақ өлеңімді арабшалап жазып, астына «Б. Момышұлы» деп қолымды қойдым.

Мен кеткен соң, Исмаил арабша оқи алмай Қазақ ССР-і Министрлер Кеңесінің

көтерілсем, төрт бұрышты кен дәлізде Сәбит, Ғабит, Хамит Ергалиев, Қуандық Шанғытбаев, Тахауи Ахтанов, Тәкен Әлімқұлов сөйлесіп тұр екен.

Ассалаумағалейкум, Сәбит, Ассалаумағалейкум, Ғабит. Ассалаумағалейкум, Хамит, Енді амандаспаған қалды қай ит? —

дедім түйреп.

Өкініштісі — ағаларым Ғабит, Сәбит топ құрып, бір-бірімен айқасып, алысумен өтті. Білген адамға бұл түкке тұрғысыз нәрсе емес пе? Екеуіне не жетпеді деген ойға еріксіз берілесін.

Бір үлкен жиында кездескен көрнекті ғалым Тұрсынбек Кәкішев «Алыптардың айқасы» деген тақырыпта ізденіп, кітап жазғалы жүрмін деді. Ол турасын айтатын ақиқатшыл кісі еді.

«Алыптардың» пәлендей дерлік ерекше ештенесі де жоқ. Сендер мектепте оқулықтардан суреттерін көріп, оларға табынып өстіңдер. Менің заманымдағы нағыз алыптар Әлихан Бөкейханов, Ахмет Байтұрсынұлы, Мағжан Жұмабаев, Жүсіпбек Аймауытов, Сұлтанмахмұт Торайғыров, Бейімбет Майлин, т. б.

Адамды құртатын кеудесін кемірген іштарлық, көреалмаушылық. Олардың таланттарымызға әкелерін өлтіргендей өшігетіні сол дерттің дүмпуі. Бір әйел мәселесін желеу етіп, мені Жазушылар одағынан, партиядан шығарып, ел-жұрттың бетіне қарай алмайтын қарабет етпек ойдағылар жермен-жексен болып жеңілді. Жеңілсе де талайды қан қақсатқандар жексұрын әдетін қоймады. Ойлайтындары — жамандық.

Ол әйел «Бауыржанды сүйем, күйеуімді сүймеймін» деп отыр. Бөлекор-жалақор ақын-жазушылар, шолақ ойлы басшылар «сүймесең де бұрынғы күйеуіне қайта бар» дей ала ма? Десе, олар ел-жұртқа күлкі-мазақ болмай ма?

Кенес үкіметінің тәртібі бойынша мен ов, ев боп жазылуым керек еді. Оны қабылдамадым. Ауылымдағы «қамқоршыларым» аздай, Момышұлы болғаным үшін өшіккен ресейлік

шовинистердің «ұлтшыл» деген аттан-айқайына да төтеп бердім. «Қазақтың атын әлемге шығарды, халқымыздың бағына жаралған адам» деушілер де табылды. Ешқайсысына селт еткенім жоқ.

— Сіздің атыңызды иеленген балалар республикамыздың түкпір-түкпірінен табылады. Тіпті Қостанай облысында бір орыс әйел баласының атын Бауыржан қойыпты, — деген маған:

— Ондай да бар көрінеді, — деді Баукең ехе-хе-хелей күліп. — Олардың бәріне «нағыз Бауыржан болындар, атымызға кір келтірмендер» деген тілек білдіремін. Шындыққа жүгінсек, мені Бауыржан Момышұлы еткен халық.

— Сіз туралы: «Қазақ деген сөзбен Бауыржан Момышұлы деген сөз қатар тұрса, жарасады», — деушілер де бар. Сондай дәрежеге жеткеніңізге қуанасыз ба?

— Қуанбаймын, керісінше, шүкір етемін. — Сіз кейде кез келген адам тіксініп қалатын оқыс мінез танытасыз. Мұндай мінезді сіз адамдарды сынау үшін танытасыз ба?

— Иә, ол рас. Кез келген жанды сынайтыным бар. Сондықтан мен туралы өсектің үш жүз пайызы кездесе де, сенбе. Оның он пайызы ғана шындық болуы мүмкін.

Мен пендемін, қиындықтың тұр-түрін көрдім, бәріне төздім. Қалай екенін білмеймін, Алланың жазуы шығар,

мұндай көлгірліктің көленкесін де сезбедім. Мені шынайы, бар ықылас-ниетіммен сыйлайтынына әбден көзім жетті. Менің айтқандарым бойынша жазған екі жүз беттік қолжазбанды оқып та көңілім тоғайды. Сау сиырдың жапасы емес екеніне шүбәм жоқ.

Әркімнің көкірегі, азаматтығынды білетіндер де, білмейтіндер де көп.

Мына жалған дүниеден біз кетеміз, басқалар келеді. Ол жаратылыс заңы. Жасым жетпістен асты. Иншалла, бұған да шүкір.

Байкасам, қаламгерлердің біразы отыз жастың төңірегінде, көбі қырықтан аса бере, елуге жетпей, алпыс пен жетпістің аралығында өмірден өтіпті. Ерте кетулері ішкіліктің кесірі-ау, сірә.

Психолог-дәрігерлер жанын қалаған адамынмен сырласқан денсаулығына өте пайдалы дегенді айтады. Шамалауымша, шынында солай тәрізді.

Қызмет істеп жүргенде сөйлесу былай тұрсын, жұртпен амандасуға уақыт жетпей қалатын. Кейбірінің қолын аласың да, қасынан тез өтіп кетесін. Хал сұрауға шамаң жоқ. Ал қартайғанда сені көп нәрсе қызықтырмайды.

Осы Алматыда бір адамға жақсылық жасамайтын академикті білем. Алғаш көргенде-ақ одан күдіктенген едім. Өзіндей таныс ініме «Бауыржан атағым бола маған

құрмет көрсетіп жүр» депті. Оңбаған, пасық неменің сөзін естіп, кезі келер дедім де қойдым.

Таныс профессор алпыс жасқа толған мерейтойына шақырды. Сыйласып жүрген азамат еді, бардым. Әлгі бөспе, өтірікші академик екеуіміз төрден қатар орын алдық. Мінезімді білесін. Оған көңілім суып жүрген. Орынсыздау сөйлеген сөзін бетіне салық етіп, «Ей, аузыңды да, артыңды да қысып отыр!» — дедім бұйырып. Төңірегіміздегілер ду күлді.

Ол мен туралы әлгі жігітке «ішіп кеткен» деп те жамандапты. Ол маған айтты. Шап ете қалдым.

— Әй, мен ішіп кеткенге ұқсап тұрмын ба?

— Жоқ, көке, ішіп кетпегеніңізді біліп айтып тұрмын ғой.

Ол академикпен бір рет шай ішіп те көрген емеспін. Кейін сұрастырып білдім, адамгершілігі нөл біреу екен... Оны ұмыттайық. Сен соңғы жазған «Алатауым — Ар тауым» өлеңіңді оқышы? Мен жан қалтаман қойын дәптерімді алып, Баукең өтінішін орындадым.

*Алатауым — Ар тауым,
Әлемді оймен иоласың.
Саған үміт артамын, —
Дегендей де боласың.*

*Қарай берем көз алмай,
Сенің алып тұлғаңа.
Құпияңды сезе алмай,
Ойға батам мұңдана.*

*Бабаларым көзің,
Шүкір сенің барыңа.
Жанашырым өзіңсің,
Кір жұқтырман арыма.*

*Бабаларым сырын сен,
Шертші маған, өтінем.
Сүйеу болшы сүрінсем,
Сүйіші менің бетімнен.*

*Еркелетші ұлым деп,
Өссін ойым, мерейім.
Мен де көкке күлімдеп,
Қанат қағып көрейін...*

Баукең темекі тұтатып, көк түтінді құшырлана жұта отырып:

— Адамдардың қиялшыл болғаны жақсы. Әсіресе, жастар жақсылықты қиялдауы керек, — деді. — Сен Алатау бейнесі арқылы абыз ақсақал мен ойлы, қиялшыл немере бейнесін сәтті жасағаның. Мен саған әкелік махаббатымды сыйладым. Еңбегін жансын. Сау бол, қарағым, — деді.

— Сау болыңыз, аға.



Мамытбек ҚАЛДЫБАЙ,
Халықаралық «Алаш» сыйлығының лауреаты, бауыржантанушы



E-mail: jasqazaq2019@mail.ru

www.jasqazaq.kz



Жыл өткен сайын халықаралық білімге деген сұраныс артып келеді. Шетелдік диплом, бірнеше тілді өркін меңгеру – жарқын болашаққа бастайтын қадамның бірі. Әсіресе, мұндай дипломды нағыз Ховгартста, орта ғасырдан сақталған зәулім үйде орналасқан Австриядағы бірегей мектептен алса, жаман ба?

Австрияда білім алуға деген қызығушылық қазақстандық жастар мен балалар тарапынан бұрыннан бар. Мұндағы жайлы өмір, қауіпсіздік, жақсы экология, жоғары деңгейлі білім кімнің болса да көңілінен шығады. Оның үстіне Вена жыл сайын әлемдегі өмір сүруге қолайлы қалалардың алғашқы бестігінен көрінеді.

Біз әңгіме еткелі отырған Schloss Krumbach International School (SKIS) – 12-19 жастағыларға арналған мектеп-пансион. 7-12 сыныптарда (орта және жоғары мектеп) элиталық нем жоғары сапалы халықаралық білім береді. Бағдарлама ағылшын

тұрмыстық жағдай кез келген ата-ананың көңілінен шығады деп сеніммен айта аламын. 2020–2021 жылдары бес жұлдызды қонақ үйдің бөлмелері жөнделіп, қайта жабдықталды. Оқушылар аумағы 22–40 шаршы метр жарық та кен бөлмеде тұрып жатыр. Ұлдар мен қыздар жеке блоктарда жайғасады.

— **Әр сыныпта қанша оқушы бар, олардың әрқайсысына жеке-жеке көңіл бөліне ме?**
— Сыныптағы оқушының саны 16-дан аспайды. Тіл үйрету сабағы шағын топтарға бөліп жүргізіледі. Бұл топтар тіл деңгейіне егжей-тегжейлі лингвистикалық талдау жасалғаннан кейін құрылады. Бізде progress tracker деп аталатын оқу процесін бақылау бағдарламасы бар. Ол жайында біз ата-аналарды тұрақты түрде құлақтандырып отырамыз. Білім берудің аралық бөліктерін де жібереміз. Мұғалімдермен конференциялар өткіземіз.
Біздің 10-сынып әр оқушыға

мұғалімдерді іріктеу де ең жоғары сапа стандартына сай өткізіледі. Бұл орайда оның педагогикалық білімі, тәжірибесі, ағылшын, неміс тілдерінде сөйлей алуы, сондай-ақ мектептегі жұмыс тәжірибесі есепке алынады. Сонымен қатар, IB DP және A-Levels бойынша пән жүргізуге мектеп атынан тіркеу үшін мұғалімдер teric IBO и Cambridge International-да кәсіби біліктілігін жетілдіретін білім курстарынан өтті. Барлық мұғалімдер билингвалдық білім беру ерекшелігімен таныс. Ғылыми дәрежесі және өзіндік жаңашыл оқыту әдістемесі бар.

Біз жан-жақты білім процесін қамтамасыз етуге қабілетті жоғары деңгейлі мамандардың интернационалдық,

Schloss Krumbach International School

САПААЛЫ БІЛІМ ҰЯСЫ

және неміс тілдерінде, өзге шет тілін қосымша тереңдетіп оқытумен қатар, әр оқушының ана тіліне қолдау көрсетуді де қамтиды. SKIS – Австриядағы IB Diploma Programme, сондай-ақ A-Levels Кембридж жүйесі бойынша аккредитацияланған бірегей мектеп.

Біз осы мектептің директоры, экономика ғылымының докторы Оксана Воложанинаға жолығып, сұхбаттастық.

— Сіздің мектебіңіздің ашылғанына көп бола қойған жоқ. Өзі орта ғасырда салынған көне бекіністе қоныс теуіпті. Schloss Krumbach International School-дың бұл орынды таңдауына не себеп?
— Иә, біздің мектеп — Австрияда тұңғыш рет көненің көзі саналатын орта ғасырлық тарихи бекіністе орын тепкен бірегей білім ордасы. Орналасу жағынан жолымыз болды: Төменгі Австрия, әсіресе, Альпі тауларының шығыс



шегіндегі біздің Bucklige Welt елдегі ең ғажайып мекеннің бірі саналады.

Bucklige Welt деген атаудың өзі неміс тілінен аударғанда «Мың төбешік мекені» деген мағынаны білдіреді. Табиғаты көркем жерде жайғасқандықтан, оқушыларға таза ауада қимылдап, белсенді өмір салтын ұстануға барлық жағдай бар. Осы манайда түрлі марафондар, жаяу және велосипед турын өткіземіз. Жергілікті жерді бағдарлау, треккинг, шаңғы, сноуборд, конькимен сырғанауды ұйымдастырамыз.

Орта ғасырлық қамал XII ғасырда тұрғызылған. Ширек ғасыр бұрын бұл ғимарат Meta Group мейманханалар тобына енді. Сол кезде 2 қанаты салынды.

Әрине, мектеп ашпас бұрын ғимаратта жөндеу жұмыстары жүргізілді.

— **Әңгіме интернат туралы болғандықтан, ата-ана баласының қандай жағдайда өмір сүретініне мән беретіні сөзсіз. Оқушылардың бөлмесі бес жұлдызды қонақ үйден қалған мұра шығар?**

— Балаларымның тәжірибесін есепке алып, еуропалық және ағылшын жатақханаларының қандай екенін өз көзіммен көргендіктен, біздегі



арналған дара тәсілдің озық үлгісі дер едім. Біз саналы түрде тұтас бір жылдың бағдарламасын оқушылар дипломдық деңгейде өздеріне ең қажетті және маныздыны тандай алатындай етіп құрдық. Әрине, оларға қай бағдарлама — IB DP немесе A-Levels — көбірек жарайтынын шешуге көмектесеміз. Сондықтан да орта мектебімізге қызығушылық танытқан үміткерлерге оқуды осы 10-сыныптан бастауға кеңес береміз. Бұл пән білімі тұрғысынан да, психологиялық шиеленіс жағынан да оқу орнын ауыстыруды жеңілдетеді. Әсіресе, балалар бұған дейін шет тілінде білім алып көрмеген кезде.



Біздің карьералық кеңесшілер, career counseling team, белсенді жұмыс істеп, студенттерге университеттерді зерттеуге көмектеседі. Соған орай, олар қай пәнге көбірек күш салу керектігін біледі. Стратегиялық жағынан түлектердің келешегін бағдарлап, университетке түсудің барлық кезеңдерінде қол ұшын созуға дайынбыз.

— **Элиталық мектеп ұстаздар құрамының мықты болуын талап етеді. Schloss Krumbach International School-да кімдер сабақ береді?**
— Мектептегі ұстаздар — жылдар бойы халықаралық тәжірибе жинақтаған, өз ісінің нағыз майталмандары. Мектебіміз Австрияда болғандықтан, осы елдің білім министрлігінің регламентіне бағынамыз. Соған сөйкес,

қызықты және кәсіби командасын құрдық.
— **Мектепті бітіргенде берілетін аттестат қай елдерде, қандай жоғары оқу орындары үшін жарамды?**
— IB DP де, A-Levels де жарамды орта білім беру аттестаты саналады. АҚШ, Ұлыбритания, Еуроодақты қосқанда, 130 елдің университеттері қабылдайды.
IB немесе A-Level дипломы бар түлек оқуға түсуге қажетті балл жинаса, қосымша емтихан тапсырудың қажеті болмайды. Тағы бір артықшылығы, оларға ағылшын тілін меңгеру деңгейі бойынша TOEFL немесе IELTS сияқты тіл сертификаттарын алудың керекі жоқ. Тіпті біздің 10 сынып оқушылары екі тілде



билингвалдық әдіспен оқығандықтан, оларға неміс тілінен C1 (*дипломға талап етілетін қосымша*) тапсыру қиынға соқпайды. Олар Австрия мен Германиядағы тегін дерлік және биік



сапасымен аты шыққан мемлекеттік жоғары оқу орындарына түсе алады.

— **Әңгімеңізге рахмет!**

Вероника ПАВЛОВА,
Нұр-Сұлтан

Соңғы жылдары ақпарат құралдарында сөз бен тіркестерді орынсыз қолдану бөлең алды. Мәселенің шешімі ретінде сөзді қате қолданудың

2 мыңнан астам нақты мысалы жинақталған сөздік дайындалды. Сөйтіп «Сөзтүзер. Қате қолданыстар сөздігі» жинағы өткен жылы жарық көрді. Дегенмен мұндай үлкен еңбек ұмыт қалмауы тиіс. Осыны ескеріп, жиі қолданылатын сөз тіркестерін газет бетінде тұрақты түрде жариялауды жөн көріп отырмыз.

Артефакттар

МЫСАЛ: Бұл бізге белгілі артефакттар ғана.

-кт сияқты дауыссыздар тіркесіне бітетін сөздерге қосымшалар ы, і дәнекері арқылы жалғануы керек.

ДҰРЫСЫ: артефактілер.

Атқа отырды

МЫСАЛ: Әскерде үйретуші нұсқаушылар атқа отырды.
«Атқа отырды» — орыс тілінлегі «сел на лошадь» дегенді тікелей аудару нәтижесінде пайда болған қате тіркес. Қазақ бұлай айтпайды. Халық ұғымында жерге, текеметке, кілемге, орындыққа отырады. Ал көлікке, мәселен, атқа, түйеге, есекке, өгізге мінеді.
ДҰРЫСЫ: Атқа мінді.



Ауаны ластауға ... септігін тигізуде

МЫСАЛ: Ауаны ластауға ескі көліктер көп септігін тигізуде.

Тіркесім ерекшелігін ескермеуден, басы артық сөзді көп қолдану салдарынан туындаған стильдік қате. *Септігін тигізу* тіркесі жағымды мағынада қолданылады. Сол себепті *ауаны ластауға* сөзімен тіркестіру қисынсыз.

ДҰРЫСЫ: ескі көліктер ауаны ластайды.

Ауруға соқтырмайды

МЫСАЛ: Олар ауруға соқтырмайды және онымен байланысты асқыну қаупін тудырмайды.

Соқтыру етістігі қандай да бір әрекет теріс салдар туғызуы мүмкін болған жағдайда қолданылады. Бұл жерде әңгіме екпіннің пайдасы туралы, сондықтан жағымды мән тудыратын сөз қолданған дұрыс. Сондай-ақ *онымен байланысты* тіркесі де артық қолданылған. Екі етістікті *және* шылауы байланыстыра алмайды. Ол шылаудың орнына *да, де, әрі* жалғаулықтары, *олар (кейде көсемше)* қоюға болады.

ДҰРЫСЫ: Олар ауыртпайды, асқындырмайды.

Аяқпен тебу

МЫСАЛ: Ереже бойынша футбол добын қолмен ұстауға болмайды, оны аяқпен тебу керек.

Аяқпен тебу — орыс тілінен келген калька. Орыс тілінде футбол кезінде *аяқпен ұрды* деп айта береді. Қазақша *қолмен ұрады, аяқпен тебеді*.

ДҰРЫСЫ: Ереже бойынша, футбол добын ұстауға болмайды, тек тебу керек.

Бас редактор — директор Срайыл Махатұлы СМАЙЫЛ Редакция алқасы: Қуаныш НҰРДАНБЕКҰЛЫ жауапты хатшы Ғалия ҚАЛИЕВА компьютер орталығының жетекшісі Тілшілер мен қызметкерлер: Гүлнар АХМЕТОВА — экономика, нарық Мақпал НОҒАЙБАЕВА — арнаулы тілші Ернұр КЕНЖЕБАЙ — шолушы Кәмшат ТӨЛЕШОВА — теріміші Айдос ҚҰСАЙЫНҰЛЫ — web-caim	Аймақтағы меншікті тілшілер: Мерген ТОҚСАНБАЙ— Ақмола және Солтүстік Қазақстан облыстары (8 701 312 39 34) Қажет АНДАС — Алматы облысы (8 747 706 13 82) Нұргүл НАСЫР — Атырау облысы (8 702 959 80 08) Мөлдір КЕНЖЕБАЙ — Шымкент қаласы (8 700 280 63 20) Ұлдай САРИЕВА — Батыс Қазақстан облысы (8 705 150 48 30) Кезекші редактор Мақпал НОҒАЙБАЕВА	Меншік иесі: «Аманат Медиа» ЖШС Директордың орынбасары Мейрамбек ҚҰЛМҰХАМЕДОВ Бас есепші Расима ӘКІМБЕКОВА	Редакцияның мекенжайы: 050012, Алматы қаласы, Мәуленов, 85 үй, №61 кеңсе, 3-қабат (<i>Бөгенбай батыр көшесінің қиылысы</i>) Телефондар: 8(727) 272-43-39; 272-43-25 Бухгалтерия: тел.факс: 8(727) 272-46-22 (жарнама бөлімі) Газет «Дәуір» ЖШС РПІК (Алматы қаласы, Қалдаяқов көшесі, 17-үй) тел: (727) 273-12-04, 273-12-54. Тапсырыс — №1064; Бағасы келісім бойынша Таралымы – 5000 дана <i>Газет Қазақстанның барлық аймақтарында таралады, сондай-ақ «AirAstana» әуежолының ұшақтарында бар.</i> <i>Жас қazaq газеті «Қараан», «Хорошие новости плюс» және KOK TENGRI дүңгіршіктерінде сатылады</i> Газет 2004 жылы 14 желтоқсанда тіркелген. 2021 жылдың 03 маусымында ҚР Ақпарат және қоғамдық даму министрлігі Ақпарат комитетінде қайта есепке тұрып, № KZ68VPY00036247 куәлігін алды. Мақала авторының пікірі редакция көзқарасын білдірмейді. Жарнама мәтініне тапсырыс беруші жауапты. Газетте жарияланған материалдар мен суреттерді сілтемесіз көшіріп басуға болмайды.
---	---	--	--